

Толықтауыш.

Пневмония.

Пысықтауыш.

Жұқпал аурулардан сақтану
жолдары.

Бушуева Вероника

- Сөйлемде атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз мүшені толықтауыш дейді. Толықтауыштың сұрақтары: кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? кім(не) туралы? кім (не) жөнінде? кім (не) жайында?
- Толықтауыш құрамына қарай бір сөзден ғана болып дара толықтауыш және бірнеше сөзден, сөз тіркесінен, күрделі сөзден құралып күрделі толықтауыш болып бөлінеді. Мағынасы мен тұлғасына қарай тура толықтауыш және жанама толықтауыш болып екіге бөлінеді. Табыс септік тұлғасындағы толықтауышты тура толықтауыш, ал атау, ілік, табыстан басқа септіктердің бірінде немесе туралы, тақырыпты, жөнінде, жайында деген септеулік шылаулардың тіркесінен болған толықтауышты жанама толықтауыш дейміз. Сөйтіп, табыс септігінің сұрағына (к і м д і? н е н і?) жауап беретін сөз тура толықтауыш болады да, барыс (к і м г е? неге?), жатыс (кімде? неде?), шығыс (кімнен? неден?), көмектес (кіммен? немен?) септіктердің және кім (не) туралы? кім (не) жайында? тәрізді сұрақтардың біріне жауап беретін сөз жанама толықтауыш болады. Тура толықтауыш сабақты етістікпен ғана байланысып қолданылады.

Толықтауыш.

Толықтауыш мағынасына қарай

тура толықтауыш

Табыс септік тұлғасындағы
толықтауыш

*Көлді жел қозғайды,
Ойды сөз қозғайды.
Оны ешкімге көрсетпе.
Мен кітап оқыдым.*

жанама толықтауыш

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес
септіктері тұлғасындағы толықтауыш

*Білімдіден шыққан сөз,
талаптыға болсын кез.*
(Абай)

*Жақсымен жолдас болсаң,
Жетерсің мұратқа.
Жаманмен жолдас болсаң,
Қаларсың ұятқа.*

- **Пысықтауыш – тұрлаусыз мүшенің бір түрі. Етістіктен болған баяндауышты мекен, мезгіл, қимыл-сын, себеп, мақсат жағынан айқындайтын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі пысықтауыш деп аталады.**
- **Пысықтауыштың негізгі белгілері: 1) іс-қимылды мезгіл, мекен, мақсат, мөлшер, себеп, сын-қимыл жағынан пысықтап тұрады; 2) Қашан? Қайда? Қалай? Қайтіп? Неге? Не үшін? Неліктен? деген сұрақтарға жауап береді; 3) байланысу түрлері: қабысу, меңгеру, жанасу.**
- **Пысықтауыш құрамына қарай үшке бөлінеді: 1) дара пысықтауыш; 2) күрделі пысықтауыш; 3) үйірлі пысықтауыш.**

Пысықтауыш.

Пысықтауыш мағынасына қарай

мекен

Іс-әрекеттің болу орнын, мекенін білдіреді.
қайда? қайдан?
қалай қарай?
Оқушылар мектепке қарай кетті.

мезгіл

Іс-әрекеттің мезгілін білдіреді.
қашан?
қашаннан бері?
Түске дейін сенбілік аяқталды.

себеп-салдар

Іс-әрекеттің себебін білдіреді.
неліктен?
не үшін? неге?
Амалсыздан тапсырманы орындады.

сын-қимыл

Іс-әрекеттің жүзеге асу амалын, мөлшерін білдіреді.
қалай?
қалайша?
қайтіп?
Ол жылдам оқиды.

мақсат

Іс-әрекеттің мақсатын білдіреді.
неге?
не мақсатпен?
Жұмыс істеу үшін келді.

- Пневмонияның негізгі себептерінің бірі – **пневмококк инфекциясы**, ал оның қоздырғышы - **пневмококк**. Пневмония – бұл өкпе тіндерінің қабынуы, негізінен, ол альвеоланы зақымдайды және ондағы қабыну сұйықтығын дамытады. Аурудың алғашқы белгілері:
- дене қызуының жоғарылауы;
- кеуде тұсының ауыруы;
- қақырықты жөтел.
- Атипті пневмонияда құрғақ, өнімсіз жөтел болады, екінші симптомдары басым – бас ауыруы, тамақтың қышуы, әлсіздік және тез шаршау. Диагностиканың негізгі әдісі – флюорография – өкпенің рентгенографиясы, онда өкпенің қараюы, сондай-ақ, қақырық себіндісі байқалады.

- **Пневмонияның алдын алу жолдары:**
- үй-жайды үнемі желдетіп отыру, тұрғын үйді таза ұстау;
- салауатты өмір салтын ұстану: зиянды әдеттерден бас тарту, толыққанды демалыс және қалыпты дене жаттығуларын ауыстырып отыру;
- суықтан сақтану;
- темекі шекпеу және темекі шегетін жерлерден аулақ болу: пассивті темекі шегу бронхтың жұмысына кері әсер етеді;
- тұмауға қарсы екпе салдыру керек, өйткені пневмония, көбінесе, тұмаудың асқынуы болып саналады. Екпе алған адамдардың пневмониямен ауыруы мүмкін екеніне қарамастан, ауру екпе алмаған адамдарға қарағанда оңай өтеді;
- тұмаумен сырқаттанушылықтың өршу кезеңінде науқас адамдармен байланыста болудан аулақ болу, тыныс алу мүшелерін қорғау үшін бетперде тағу, адамдар көп жиналатын жерлерге барудан бас тарту ұсынылады;
- үй-жайларда желдету және ылғалды тазалау режимін сақтау қажет.



- Жұқпалы аурулар(латын сөзі infection – жұқтыру) – бір топ патогенді қоздырғыштармен шақырылатын; жоғары жұғұымен, цикл түрінде өтуімен сипатталатын, арнайы иммунитет құратын, кең таралған аурулар



Жұқпалы аурулар

- Жұқпалы аурулар әр-түрлі жолдармен таралады, соның ішінде негізгі таралу жолдары төмендегідей: Жанасу арқылы- бұл жағдайда жұқпа, сау адам ауру адаммен тікелей байланыста болғанда(қол алу, ауру адамның заттарын, ыдысын, киімін пайдаланғанда) жұғады. Бұл кезде асқазан аурулары, ішек қарын, тері т. б. пайда болады.
 - Жұқпа таратқыш жәндіктерге бит, кене, маса, шыбын т.б. жатады. Бұлар өте қауіпті ауруларды – кене энцефалитін, сары ауру т.б. таратушылар.
 - Жұқпалы аурулар медициналық құрал-жабдықтар (ине т.б.), қол-аяқ тырнақтарын сәндеу құралдар, татуаж арқылы да таралады. Сондай-ақ, ауру адамның қанын сау адамға құйған кезде жұғады.
-

- Қолыңызды жуыңыз инфекцияның алдын алудың ең жақсы жолы - қолыңызды сабынмен және сумен жиі жуу. ...
- Жеке гигиенаны мұқият сақтаңыз ...
- Өзіңіз тұрған үй-жайларды таза ұстаңыз ...
- Байланыстан аулақ болыңыз ...
- Вакцинация жасаңыз ...
- Азық-түлік қауіпсіздігі туралы ойланыңыз

Жұқпал аурулардан сақтану жолдары.
